


«Бекітемін»
Мектеп директоры
Қ.Байғалиев

**« К.Шакенов атындағы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық
мекемесі 2022-2023 оқу жылы
Кітапхананың жылдық жұмысы**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Сынып	Жауапты
1	Оқулықтарды сыныптар бойынша бөліп тарату. Жаңадан келіп түскен оқулық кітаптарды тіркеу, қордағы кітаптарға тазалық жұмыстарын жүргізу. Жиынтық түгелдеу есебі кітабы және кітапхана қорындағы мектеп оқулықтарының есебі кітабына тіркеу. Тіркеме құжаты Білім бөліміне өткізу.	қыркүйек	0-11 сыныптар	Кітапханашы
2	Ыбырай Алтынсарин «Кел.балалар оқылық» оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі туралы түсінік беру. Кітапханаға саяхат	қыркүйек	1-4 сыныптар	Кітапханашы
3	Кітапханаға келген оқырмандарды тіркеу. Формуляр толтыру. Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналына тіркеу.	қыркүйек	1-11 сыныптар	Кітапханашы
4	Кітапхананың жұмыс күнделігін толтыру. Әр айдың соңында айлық қорытынды есептеу.	Жыл бойы		Кітапханашы
5	Ауданға есеп беру	қыркүйек		Кітапханашы
6	Мұғалімдерге жаңа оқу жылына келіп түскен әдістемелік нұсқаулықтар мен электронды нұсқаға бұрыш ұйымдастыру. Баспа сөз бетін қадағалау. Журналдар мен газеттер туралы хабардар беру.	Қыркүйек		Кітапханашы
7	«оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әдеби және ертегі кітаптарға кітап көрмесін жасау. Оқырмандарға таныстыру, насихаттау жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	1-11 сыныптар	Кітапханашы
8	«bookcrossing» Өзің оқы, басқалар да оқысын кітап көрмесін жасау.	Қыркүйек		Кітапханашы
9	Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптарды Мүлік кітабы және кітапхана қорының күн есеп кітабына тіркеу. «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі. Библиографиялық шолу.	қыркүйек		Кітапханашы
10	Жаңа оқу жылында оқулықтарды тиімді пайдалануға бағытталған пән	қыркүйек	1-11 сыныптар	Кітапханашы

	мұғалімімен кеңес беру ақпараттық жұмыс жүргізу.			
11	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ахмет Байтұрсынов 150жыл. «Ұлттың ұлы ұстазы» іскерлік ойын 40 мысал	қыркүйек	5-6 сыныптар	Кітапханашы
12	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, әр түрлі жастағы балаларға арналған кітаптармен таныстыру, оқу сағатын өткізу.	Жыл бойы	1-11 сыныптар	Кітапханашы
13	«Денсаулық-зор байлық» Библиографиялық шолу.	қыркүйек	5-7 сыныптар	Кітапханашы
14	22 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім – менің тірегім!» поэтикалық марафон	қыркүйек	8-10 сыныптар	Кітапханашы
15	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Абай Құнанбаев «Абай тақырабы – мәңгілік тақырып»	қазан	5-7 сыныптар	Кітапханашы
16	Тәуелсіздік күні	қазан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
17	Энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар туралы түсінік беру.	қазан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
18	«оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптармен ертегі кітаптар оқу.	Қазан	1-4 сыныптар	Кітапханашы
19	«Рәміздерім-мактанышым» Кітаптар көрмесі	қазан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
20	Кітапханаға кітап сыйла акциясын өткізу.	Жыл бойы	1-11 сыныптар	Кітапханашы
21	«Оқулықты күтіп ұста» Рқйд жүргізу.	Әр тоқсан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
22	«Менің құқығым-менің міндетім» Оқырман конференциясы	қазан	8-10 сыныптар	Кітапханашы
23	«Бір апта-бір кітап» оқушыларға әдеби кітаптар насихаттау. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында библиографиялық шолу	қазан	1-4 сыныптар	Кітапханашы
24	«Жол ережесін білесің бе?» ақпарат күні	Қазан	1-4 сыныптар	Кітапханашы
25	«Зорлық зомылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық компаниясы «Біз бақытты баламыз» сұрақтар мен жауаптар кеші	қараша	5-8 сыныптар	Кітапханашы
26	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Шерхан Мұртаза 90жыл. «Интернат наны» дөңгелек үстел, көрме, өмірімен танысу, шығармасын талдау.	қараша	9-10 сыныптар	Кітапханашы
27	Кітапхана активінің отырысын ұйымдастыру. Кітапхана кеңес мүшесін сайлау және кітапхана кеңесінің жұмысн жоспарлау.	Әр тоқсан сайын	Белсенді мүшелер	Кітапханашы
28	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап ақыл-ойдың қазығы» кітап талқылау	қараша	1-4 сыныптар	Кітапханашы

29	Салауатты өмір салты бағыты бойынша «Біз нашақорлыққа қарсымыз» кітап көрмесі	Қараша	5-11 сыныптар	Кітапханашы
30	1-желтоқсан ҚР тұңғыш президент күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»	желтоқсан	1-10 сыныптар	Кітапханашы
31	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абай дана-Абай дара қазақта» Абай оқулары, шығармаларына шолу	Желтоқсан	1-4 сыныптар	Кітапханашы
32	16 желтоқсан ҚР-нің тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік жетістіктері» кітап көрмесі	желтоқсан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
33	«желтоқсан жаңғырығы» Желтоқсан оқиғасына орай кітап көрмесі, слайд	желтоқсан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
34	Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл. Интеллектуалды сайыс	желтоқсан	5-7 сыныптар	Кітапханашы
35	«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында Мұхтар Әуезовтың 125 жыл. «М. Әуезов – қазақ әдебиетінің тарланы» оқырман конференциясы	Қаңтар	8-11 сыныптар	Кітапханашы
36	«Қалың қалай оқулық» оқулықтарға рейд жүргізу.	қаңтар	1-11 сыныптар	Кітапханашы
37	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әзірхан Нұршайықов «Сырлы да, сұлу суреттер» библиографиялық шолу.	Қаңтар	5-7 сыныптар	Кітапханашы
38	«Өнерге болса-бала көрікті» сынып болып бір шығарманы оқу, талдау.	Қаңтар	1-4 сыныптар	Кітапханашы
39	«Өзін-өзі тану. Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» С. А. Назарбаеваның қайырымдылық қызметіне «Мейірім төгетін ана» кітап көрмесі	ақпан	1-10 сыныптар	Кітапханашы
40	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жырлайды жүрек» М. Мақатаевтың өлеңдерін міңерлеп оқу	ақпан	1-4 сыныптар	Кітапханашы
41	«Отты жылдар жаңғырығы» Ауған ардагерлеріне арналған. Тарихи шолу, кітап көрмесі.	ақпан	1-11 сыныптар	Кітапханашы
42	«Бір ел-бір кітап» республикалық акция аясында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың шығармаларын насихаттау «Сөздің ең ұлысы-тарих» библиографиялық шолу.	ақпан	5-7 сыныптар	Кітапханашы
43	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сиқырлы кітап-Волшебная книга» шығармаларын оқу, талқылау.	наурыз	1-4 сыныптар	Кітапханашы
44	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Сырбай Мауленов 100 жыл. «Сырбай лирик-ақын» өмірі мен шығармашылығына шолу.	Наурыз	5-8 сыныптар	Кітапханашы
45	«Елдігімнің айнасы, салт-дәстүрім» кітап көрмесі, танымдық сағат	наурыз	9-11 сыныптар	Кітапханашы
46	«Туған өлкем-неткен көркем»	наурыз	1-	Кітапханашы

	кітап,сурет көрмесі		11сыныптар	
47	«Наурыз думан» оқушыларға мұғалімдерге көмек көрсету.	наурыз	1-11сыныптар	Кітапханашы
48	Қарызы бар оқушыларды анықтау мақсатында оқу формулярын қарау (сынып жетекшісінің жұмысы)	Ай сайын	Кітапхана	Кітапханашы
49	Ескірген оқулық және әдеби кітаптарды қордан тазалап отыру.	Жылына 1 рет		Кітапханашы
50	Алфавиттік және жүйелі каталогты толтыру Әдеби кітап келіп түсуіне қарау			Кітапханашы
51	2 сәуір халықаралық Балалалар кітап күні «Әлемді мәдениет кітапта» зияткерлік ойын	сәуір	5-6 сыныптар	Кітапханашы
52	Халықаралық құстарды қорғау күніне орай «Құстар біздің досымыз» кітап,сурет көрмесі	Сәуір	1-4 сыныптар	Кітапханашы
53	«Ғарышқа түрен салған қыран қазак» Токтар Әубәкіров туралы мәліметтер	Сәуір		Кітапханашы
54	«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» оқырман конференциясы	Сәуір	7-8 сыныптар	Кітапханашы
55	«Мың мамандық бәрі бар, Таңдап, талғап бірін ал» мектеп бітіруші түлектерге арналған бұрыш	сәуір	9-11 сыныптар	Кітапханашы
56	1 мамыр-Қазақстан халық бірлігі мерекесіне орай «Халықтар достығы бірлікте» кітаптар көрмесі	мамыр	кітапхана	Кітапханашы
57	7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт-ел қорғаны» кітап көрмесі	мамыр	1-11 сыныптар	Кітапханашы
58	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлпан» шығармасы бойынша тест өткізу.	Мамыр	5-8 сыныптар	Кітапханашы
59	9-мамыр – Ұлы жеңіс күніне орай М.Маметова 120 жылдығына орай өмірбаянымен таныстыру.	мамыр	1-11 сыныптар	Кітапханашы
60	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Әуезовтың «Абай жолы роман эпопеясына -80 жыл оқырман конференциясы	мамыр	9-10 сыныптар	Кітапханашы
61	«Ең үздік оқырман» байқауын ұйымдастыру, Мақтау қағазымен марапаттау.	25 мамыр	Соңғы қоңырау	Кітапханашы
62	«Жаз-2023» жазғы лагері. «Жаз кітаппен бірге»	Жазғы лагерь	1-4 сыныптар	Кітапханашы
63	Оқырмандармен жұмыс. Оқулықтарды және көркем әдебиеттерді қабылдау, есебін алу	мамыр	0-11 сыныптар	Кітапханашы

Кітапханашылар: Кумарсагітова К.К.

«Бекітемін»

Мектеп директоры

К.С.Байғалиев

«Оқыға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт»

Жобасының жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Өткізілетін мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Кітапты оқы, рухани бай бол»	Қазан	Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Білім беру ұйымында оқушылар арасында кітап оқушы насихаттау. Өткізілген іс-шараларды БАҚ ақпарат тарату
2	«Бір отбасы, бір кітап» акциясы	қараша	Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру.
3	«Оқу шаттығы» сыныптар бойынша әдеби кітап тізімін беру	Желтоқсан Қаңтар	ДТІЖО Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.
4	«Өзің оқы да, өзегеге ұсын» кітап алмасу шарасы	Ақпан ,Наурыз	Кітапханашы Мектеп тәлімгері	Оқырмандар өздері оқыған қызықты кітаптаптарын буккроссинг сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып кете алады. Өткізілген шараны әлеуметтік қатты желілерге тар
5	Атаулы күндер тізбесіндегі	сәуір	ДТІЖО Кітапханашы	Виртуалды көрмелер;

	мерейтойларға арналған іс-шаралар		Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Дөңгелек үстел
6	Кітапханаға келіп түскен жаңа көрмелік әдебиеттермен таныстыру.	үнемі	ДТІЖО Кітапханашы	
7	«Кітап оқу сәні» оқу сағаттарын өткізу	үнемі	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Әр сәрсенбі сайын кітап оқу сағатын ұйымдастыру.

**01.09.2022 ж. бастап 25.05.2023 жылғы кезең аралығындағы
мектеп кітапханасының жұмысын талдау**

Кітапхана 01.09.2022 ж. мен 25.05.2023 ж. аралығында мектептің оқу – тәрбие жұмысының жоспарына және кітапхана жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс істеді. Мектеп кітапханасының мақсаты:

Дербестікке, бастамашылдыққа және жауапкершілікке құндылық бағдарлары бар, өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, үнемі өзін-өзі анықтауға қабілетті, табысты тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің барлық мүмкіндіктерін іске асыру.

(ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету деңгейін жетілдіру арқылы)

Мектеп кітапханасының негізгі міндеттері:

1. Оқырмандардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру.
2. Педагогикалық ұжым мен мектеп оқушыларының ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыру.
3. Дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды игеру.
4. Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету сапасын арттыру.
5. Кітапханада жайлы білім беру-тәрбиелеу ортасын құру.

Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері:

Негізгі қор-12848

Оқырмандар саны-284

Кітап беру – 2583

Келушілер саны-5166

Жаңа буын оқулықтары қоры-5094

Кітапхана қорымен жұмыс:

Қормен жүйелі жұмыс жыл бойы жүргізіледі.

01.09.2022 ж. бастап 01.02.2023 ж. дейін мектеп кітапханасы мектеп әкімшілігі бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істеді. Оқу жылының басынан бастап оқырмандар қайта тіркелді.

2022 оқу жылында оқулықтар қоры жаңа оқулықтармен толықтырылды.

Көркем әдебиет қоры ашық қолжетімді, әдебиет оқушыларға тақырыптық айдарлар бойынша орналастырылған:

"Менің Отаным!", "Ертегілер вагондары", "Қазақстанның өсімдіктер әлемінің қазыналары", "Қазақстанның жануарлар әлемінің қазыналары", "Сіздің алғашқы энциклопедияларыңыз, сөздіктеріңіз, анықтамалықтарыңыз", "Шетел әдебиеті".

Оқулықтар қоры кітап қоймасында бөлек орналасқан, оқулықтар сыныптар бойынша орналасқан.

25 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында оқушыларға барлық оқулықтар берілді.

Оқулықтарды беру кезінде олардың сақталуының алдын алу мақсатында оқушылармен және ата-аналармен әңгімелер өткізілді.

Оқулықтармен қамтамасыз ету 98,9% құрады, жетіспейтін оқулықтар аудан мектептерімен алмасу арқылы алынды.

Сондай-ақ, 1 тоқсанда бір рет оқулықтардың сақталуы бойынша рейдтер өткізіледі.

Оқу жылының соңында оқулықтарды тапсыру мектеп әкімшілігімен келісілген кесте бойынша жүргізіледі.

Оқушылардың белсенділігін талдауға сәйкес келесі қорытындылар жасауға болады:

Оқу белсенділігінің орташа көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда 25% - ға өсті.

Белсенді оқырмандар мен келушілер 1-4 сынып оқушылары 55%, орта буын оқушыларынан мектептерге тек 30% ғана қатысады, жоғарғы сынып оқушылары 15%, оқырмандармен кітаптарды пайдалану және олардың сақталуы туралы үнемі жеке жұмыс жүргізіледі. Оқушылармен жеке әңгімелер, кенестер, ұсыныстар, оқырман қызығушылықтарын зерттеуге, оқырман формуляры бойынша оқуды талдау, сауалнама жүргізу, конкурстар өткізу, буккроссинг, сонымен қатар "Үздік оқырман" конкурсы, үнемі жүргізіледі, сондай-ақ "Оқырман мектеп" жобасы бойынша балалар белсенді қатысқан бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Оқушылар негізінен интернетті пәндік презентациялар жасау, конкурстарға дайындалу, сабақтарға хабарламалар жасау үшін пайдаланады, сондықтан осы кезеңге кітап беру өткен жылмен салыстырғанда төмен.

Мектеп кітапханасы білім алушылар мен педагогтарға арналған мерзімді басылымдарды алады. «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» республикалық газеттер, «Білімді ел», «Дидар», «Рудный Алтай» облыстық және аудандық «Қалба тынысы» газеті, кітапханаға келуші кішкентайларымызға арналған

«Балдырған» журналы мен «Дружные ребята» газетін жазады.

Оқу жылы ішінде бірқатар іс-шаралар өткізілді:

Кітапхана қызметінің маңызды бағыты қорды көрмелер арқылы ашу болып табылады. Кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ түрлі айлықтарға арналған түрлі көрмелер рәсімделеді. Осы көрмелерге материалды таңдап, мерекенің тарихын айтып қана қоймай, қызықты фактілерді жеткізуге, мен сонымен қатар көрмеден әдебиеттер ұсынуға және оқырмандармен сөйлесуге тырысамын. Мерейтойлық жазушыларға арналған көрмелерге ерекше назар аударылады. (Мысалы):

Ахмет Байтұрсынұовтың туғанына 150 жыл.

Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл.

Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл.

Ғабит Мүсіреповтің туғанына 120 жыл.

Мәншүк Мәметованың туғанына 120 жыл.

Зейдің туғанына 110 жыл "ина Шашкина.

Жұмағали Саиннің туғанына 110 жыл.

Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл.

Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл.

«Бекітемін»: _____

Мектеп директоры: Байғалиев К.С.

« _____ » _____ 2022ж

**ШҚО Жарма ауданы бойынша білім бөлімінің
« К. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылындағы мектеп кітапханасында
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында арналған жоспар**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мәдениеті оқушылардың нақты және жаратылыстану ғылымдарын, еңбекке үйрету және дене шынықтыру, сондай-ақ басқа да пәндерді табысты оқып білу үшін міндетті ме? Жауабы анық. Әрине, иә. «Оқу мәдениеті - өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы» деген түйін сөз бекер айтылмайды. Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруға үлес қосады.

Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды.

Кітапханашы қызметінің негізгі бағыттары

Рухани жан дүниесі бай,білімі мен біліктілігі жоғары білімді ұрпақты тәрбиелеу
Рухани жан дүниесі бай,білімі мен біліктілігі жоғары білімді ұрпақты тәрбиелеу
Кітап оқуға ынталандыру арқылы шығармашыл әлеуметтік бейімделген жеке тұлғаны дамыту

Мақсаты:

Жас ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейінде білім алу үшін кітап оқу арқылы білім сапасын арттыру.

Оқушыларды кітапханаға тарту,көркем әдебиетті таңдап оқып білуге үйрету,оқу арқылы білімін терндету,тіл байлығын дамыту,ой-өрісін жоғары деңгейде дамыту,білімге,ғылымға деген ізденістерін арттыру.

Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.Кітап оқуға ынтасын арттыру,көпшілік алдында өз –ойын еркін жеткізуге,тіл байлығын арттыруға ықпал ету.

Міндеті:

Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу

Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету

Оқушылар, мұғалімдер мен тығыз байланыста болу

Сабактан тыс уақытта оқырмандардың кітап оқуын, түрлі тәрбие сағаттарын, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру

Мектеп кітапханасының қорын жаңа кітаптармен толықтыру

Күтілетін нәтиже:

- 1.) Жалпы мәдени-әдеби құзыреттілік - ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде әдебиетті қабылдау.
- 2.) Әлемдік құндылықтар құзыреттілігі - әдебиетте бейнеленген осы құндылықтарға деген көзқарастарын анықтау және нақтылау мүмкіндігі құндылықтарды түсіну.
- 3.) Оқырман құзыреттілігі - шығармашылық, «автор-оқырман» диалогына қосыла білуі, кейіпкерлермен толғана білу, көркем туындысының тіл ерекшеліктерін түсіну.
- 4.) Сөйлеу құзыреттілігі - қазақ әдеби тілінің нормаларын білу; сөйлеу қызметінің негізгі түрлерін меңгеру.

Оқушының әдеби салада қандай құзыреті болуы керек екенін жеткізіп .Қоғамға керек екенін жеткізу.

- 1) Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру.

Оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертегілерді оқи отырып қиялдайды. Қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, ертегі туралы түсінігін айтып бөліседі.

- 2) Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында «Букдэтинг» алаңында бөліседі. оқырмандарды шабыттандырады
- 3) Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.
- 4) Жоғарғы сынып оқушылары әдеби- классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту, оқыған кітабын жарнамалауға , насихаттауға дағдыландыру.

№	Іс-шаралар	Өткізілетін мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Кітапты оқы, рухани бай бол»	Қазан	Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Білім беру ұйымында оқушылар арасында кітап оқушы насихаттау. Өткізілген іс-шараларды БАҚ ақпарат тарату
2	«Бір отбасы, бір кітап» акциясы	қараша	Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру.
3	«Оқу шаттығы» сыныптар бойынша әдеби кітап тізімін беру	Желтоқсан Қаңтар	ДТІЖО Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.
4	«Өзің оқы да, өзегеге ұсын» кітап алмасу шарасы	Ақпан ,Наурыз	Кітапханашы Мектеп тәлімгері	Оқырмандар өздері оқыған қызықты кітаптаптарын буккроссинг сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып кете алады. Өткізілге шараны әлеуметтікату. желілерге тар
5	Атаулы күндер тізбесіндегі мерейтойларға арналған іс-шаралар	сәуір	ДТІЖО Кітапханашы Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері	Виртуалды көрмелер; Дөңгелек үстел
6	Кітапханаға келіп түскен жаңа көрмелік әдебиеттермен таныстыру.	үнемі	ДТІЖО Кітапханашы	
7	«Кітап оқу сәні» оқу сағаттарын өткізу	үнемі	Кітапханашы Сынып жетекшілер	Әр сәрсенбі сайын кітап оқу сағатын ұйымдастыру.

Жоспардан тыс жобаларға ,сайысқа оқушыларды қатыстыру.

**2022-2023 оқу жылындағы мектеп кітапханасында
«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар**

Оқырман белсенділігін қалыптастыру үдерісі мектепте заманауи тиімді технологиялар мен оқыту әдістері қолданылған жағдайда тиімді болады. Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды және жастарды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ. Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. Аталмыш жобаға байланысты мұғалім, оқушы, ата-ана арасында кітап оқу сайысы болды. Барлық 5 сыныптың 10 сыныбы аталған сайысқа дайындықпен, қызығушылықпен қатысты.

Бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. Қоғамымыздың рухани әлемін жұтаңдатпай, қазақ балаларын қазақ әдебиетінен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп тауып, кітапқа деген баланың қызығушығын арттыру; Кітапхана жыл көлемінде барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып өз оқырмандарына, ата-аналарға заманауи талапқа сай қызмет көрсетіп келеді. «Үздік оқырман», «Үздік оқырман отбасы» мектепшілік байқаулары өтті. Сыныптар арасында «Кітап оқу»сағаты А Құнанбаевтың, Ы Алтынсариннің, М. Мақатаевтың өлеңдерінен мәнерлеп оқу сайыстары, челленджілер өтті. Мектепшілік барлық шараларға сараптама жасалып, әлеуметтік желіге салынып отырды. Қазақстан тарландарының шығармалары оқылып, кітап көрмесі арқылы насихатталды. А. Құнанбаевтың кітаптарын жыл сайын сыныптар арасында кітап оқу эстафетасы, челленджі т.б шаралар өтті. Барлық сыныптарға жас ерекшеліктеріне қарай оқу сауаттылығын арттыру мақсатында әдеби кітаптардың тізімі бекітіліп беріліп, виртуалды көрме ұйымдастырылды. Қорда жоқ кітаптардың электронды нұсқасын QR кодпен оқуға кеңес берілді. Күнделікті әр сыныптан 2 оқушы кітап оқып, мазмұнын айтып , суретін салып жарнамалайды.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген шара қолға алынды, іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп, жоба бағыттары жүзеге асырылуда.

Қазан айында 1 – 4 сыныптар бастауыш сынып оқушыларымен «Кітапты оқы, рухани бай бол» тақырыбында кітапханаға саяхат, ертегі оқу шарасы өтті. Ертегі оқи отырып қиялдайды, ертегілердің маңызын зерттейді, оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастырады, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, ертегі туралы шағын әңгіме жазады. Өз шығармаларында Отанын, халқын сүйуге, оқып білім алуға шақырды, оқу- білімнің, қараңғылықтың мән- жайын ашып берді. Бастауыш сыныптың жетекшілері атап тайтсақ Атымтаева Б.Б., Нурмухамбетова С.С. оқушыларымен осы шараларға белсене қатысты.

. Отанды сүйуге, Ата Заңымызды қадірлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Оқушыларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.

Мақсаты: Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту.

Қараша айында «Бір отбасы, бір кітап» акциясы өтті.

Желтоқсан-Қантар айында «Оқу шаттығы» сыныптар бойынша әдеби кітап тізімін беріліп, Абай Құнанбаевтың «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы!» тақырыбында 3 сыныптар арасында Абай оқулары өткізілді. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөз қорын байыту. Абай мұрасын оқушыларға насихаттау, өлеңдерін, қарасөздерін ұрпаққа үлгі ету, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ақпан-наурыз айында «Өзің оқы да, өзегеге ұсын» кітап алмасу шарасы 4 сыныптар арасында Мұқағали Мақатаев «Мұқағали мұрасы-қазақтың қазынасы» атты Поэзия кеші ұйымдастырылды. Ақын шығармалары арқылы оқушыларды елін, туған жерін, Отанын сүйуге, адамгершілікке, мейірімділікке, сөз құдіретін қастерлей білуге, ақынжандылыққа тәрбиелеу; поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сәуір айында Атаулы күндер тізбесіндегі мерейтойларға арналған іс-шаралар Мұхтар Шаханов «Айбынды ақын, аргымақ ғасыр» атты ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу өтті.

Кітапхана қорындағы М.Шахановтың «Эверестке шығу» кітабынан өлеңдер, дастандарынан үзінділер оқып оқырман қызығушылығын тудырды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Каникулда кітап оқимыз акциялары ұйымдастырылды онлайн форматта. Осы акция төрт кезеңге бөлінді. Акцияға ата-аналар, сынып жетекшілер, оқушылар белсене қатысты акция барысында мектеп оқушылары сертификаттармен, ата-аналар, сынып жетекшілер алғыс хаттармен марапатталды. Мектеп оқушылары осы бағыттағы түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында тұрақты түрде жоспардан бөлек «Еркін оқу кеңістігі» (20 минут оқыда, 3-минут эссе жаз), «Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты» марафон, «Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing, «Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту» (Бір сынып-бір кітап), «Мектепке кітап сыйла» акциясы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ұйымдастырылған іс шараның барлығы әлеуметтік желілердегі парақшаларға жариялануда.

"Жақсы кітап - ақылдың кені, кісіліктің кілті" демекші мектеп оқырмандарын әдеби кітаптарды оқуға шақырамыз.

Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітапқұмар, рухы биік ұлт деген мәртебелі атымызды жаңғыртуға септігін тигізетін игі бастама екеніне сенімім мол..